

Клара Саркенова

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Сыртқы байланыс, ақпарат және ғылыми кластер бөлімінің ғылыми қызметкері,
Қазақстан, Алматы қаласы
E-mail: kla46@yandex.ru

Арғы түрк тіліне этнолингвистикалық көзқарас

Қазақстан тәуелсіздік алғалы қазақ халқының төл тарихы шынайы әрі ғылымның әр саласында толыққанды зерттеле бастады. Солардың қатарында түбі бір түрк халықтарының этнолингвистикалық мәселелері де бар.

Өмірінің саналы уақытын Орталық Азия халықтары тарихына арнаған атақты шығыстанушы В.В.Бартольд «Работы по истории востоковедания» еңбегінде тарихты жазу мен тарихи сын принциптері антиктік дүние (Нибур, т.б.) немесе Еуропаның ортағасырлық тарихы (Ранке, т.б.) зерттеушілері тұжырымдарына сай жасалып келді дей отырып, былай дейді: «Западноевропейские историки не могли не сознавать преемственной связи современной им жизни с прошлым тех же народов и с античной культурой, под влиянием которой развилась западноевропейская; труднее было установить связь между историей Европы и историей народов других частей света. Долгое время под “всемирной” историей понимали только историю европейских народов; на этом основано деление “всемирной” истории на древнюю, среднюю и новую, предложенное в XVII в. и сохраняющее значение до сих пор, хотя против него и были сделаны существенные возражения. Еще в XIX в. высказывалось мнение, что народы Востока не имеют и никогда не имели истории в европейском смысле этого слова и что поэтому методы изучения истории, выработанные европейскими историками, к истории Востока неприменимы. Этот последний взгляд выражен с наибольшей полнотой и последовательностью во введении к “Истории XVIII века” Фр. Шлоссера... Первым европейским народом, который по своему географическому положению должен был ознакомиться с Востоком, были греки. Вопрос о влиянии культурных народов Востока на создание греческой образованности еще не вполне выяснен» [1, 226-, 239-б.].

Демек, Шығыс халықтары, оның ішінде түрктердің де шығу тегі мен арғы түрк тілінің пайда болуына қатысты ғылыми үрдіс тек осындай мәжбүрлі таңылған бағытта дамыды. Сондықтан да «түрк халықтарының шығу тегі мен түпкі түрк тілінің пайда болуына қатысты, бұған дейін үстем боп келген қағидаттардың да қайта қаралуы әбден заңды, – деп жазады Ж.Бейсенбайұлы. – Өйткені түрк тілінің ең ежелгі белгілерінің бұдан 50 000 – 30 000 жылдай немесе одан да бұрын бар болғаны, Беринг мойнағы арқылы Америкаға өткен ‘үндістерде’ тілдік мысалдардың, мифологиялық сарындардың бүгінгі күнге дейін жоғалып кетпей сақталып қалғандығы даусыз айғақталып отырған заманда түпкі түрк жұрағатының шығу тегі мен тілінің ілкі бастауын 2 – 3 мыңжылдық кезеңнен бері ғана қайтару ғылым мен тарих ақиқаты алдында қиянат болары анық» [2, 32-б.].

Түркілер өзінің мыңдаған жылдарды қамтитын тарихында адам өмір сүретін барлық кұрлықтарға тарап үлгергені анық. Демек, олар қоныс тепкен жерлердегі сөздерді зерттеу, яғни сөз археологиясын күн тәртібіне қою, олармен сапалы жұмыс істей білетін зерттеушілерді дайындау бүкіл түрк әлемімен қатар Қазақстан ғылымының да басты міндеттерінің бірі болуы тиіс. О.Сүлейменовтың сөзімен айтсақ, «тюркология должна подготовиться к этому неизбежному повороту – надо привыкать видеть тюркскую древность в общепланетарном, а, значит, в общеисторическом контексте, помня, что данные лингвистического, археологического и палеографического анализов должны стать основой ‘историко-культурных соображений’, а не наоборот, как было принято до сих пор» [3, 83-, 117-б.].

1980-жылдардан бастап лингвистер *сөзді* тарихи білімге жол ашатын дерек ретінде қарай бастағаны белгілі. Егер «сөз – адамзаттың өткені бейнеленіп (кодталған) қалған чип» десек, онда пралексикон құрастыруда кейін түрк тілдерінде қолданыстан шығып, бірақ үндіеуропалық, семит, угор-фин тілдерінде сақталып қалған, яғни түркілер қалыптастырған ежелгі терминдерге де қатты мән беру керек. Өткеннің құнды дерегі – *сөздерді* жинақтай білу жеке автордың ыждағаттылығын, сонымен қатар академиялық жүйелілікті де қажет ететіні сөзсіз. Сондықтан бұл тақырып ғылыми мекемелердің күн тәртібінен түспеуі тиіс (3, 79-, 83-б.).

Түркітанушы ағылшын Дж. Клоусон [3] түрк тілдерінің ХХ ғасырдағы базалық лексикасының Х ғасырдағы қалпынан көп өзгермегеніне, яғни мың жылда базалық лексиканың 1%-ы ғана ескіргенін айтады. Егер осы дәйекті математикалық есепке салып, әр мың жылда 1% сөз ауысып отырды дейтін болсақ, онда түрк тілдерінің әуелгі пайда болуы уақыты бұдан 100 000 мың жыл бұрынғы орта палеолит дәуірінің басына келетінін айтқан бұл ғалымның тұжырымын соңғы генетикалық сараптаулар нәтижелері де дәлелдеуде [2, 32-б.]. Бағзы түркілердің тілі мен шығу тегінің палеолит дәуірінен табылуы ностра тілдері мәселесін жаңа көзқараспен қарауға итермелейді. 1903 жылы даниялық зерттеуші Х.Педерсон енгізген *Ностра болжамы* (латынша *poster, postra* – біздікі) бойынша үндіеуропалық, африкалық және алтай-орал тілдері ортақ бір тілден өрбіген [2, 33-б.]. Ностра тілдерінің ғылыми негізділігін ХХ ғасырдың 60-жылдарында орыс зерттеушісі В.М.Иллич-Свитыч (1934 – 1966) өзінің үш томдық «Ностра тілдерін салыстыру тәжірибесі» [5] атты іргелі еңбегі арқылы дәлелдеген. Ол ностра тілдері макротармағының аясын, оған *картел, дравид* тілдерін және *алтай* тобына корей тілін қосу арқылы одан әрі кеңейткен. Қазіргі кезде ғалымдар ностра тобына енетін тілдер арасында 1200-дей лексикалық сәйкестіктер бар екенін анықтап отыр. Мысалы, нострада *bura* – қар (құм) бораны; афразия (семит-хамит) *bwr* «құм бораны» (арабша *barin* «ыстық құм бораны»); үндіеуропаша *bher* (боран, борау) (орысша *буря*); орал тобы бойынша *pura* «қар ұйытқуы» және *purka* «боран» (финше *purku*); алтайша *bura/bora* «боран», «бора», т.б. [5, 188-189-б.]

Адамның пайда болуы Африкадан басталды дейтін моноцентристік көзқарас бойынша *homo sapiens* моногенезі *тіл моногенезін* де тудырған. Яғни әуелі бір түп тіл дүниеге келіп, сол ілкі тіл адамдардың араласуы

нәтижесінде өзгелерге де ауысып отырған [2, 34-б.]. Бұл мәселеде Франция ғалымы Р.Груссе келтіретін мынадай пікір бар: «Алтай тіл тобы (түрк, моңғол, тұңғұс) мен Оралда шоғырланған фин-угор тіл тобы халықтарының әуелгі байланысын Пельо және Хевеси секілді лингвистердің мойындамауына қарамастан, бұл тіл тобының халықтары белгілі бір тарихи кезеңде Азияның солтүстік-шығысындағы кеңістікте көршілес өмір сүрген». Автор әрі қарай былай дейді: «Поппе утверждает примитивный алтайский язык, из которого могли произойти примитивный тюркский, монгольский и тунгусский, но добавляет: ‘Период примитивного тюркского не мог продолжаться позже, чем первые века нашей эры’. Н.Поппе и В.В.Бартольд также утверждают, ‘что в общем тюркские языки более высоко развиты, чем языки монгольской группы. Монгольский язык, все равно какого региона монгольского мира, является более архаичным, чем наиболее тюркские языки’» [6, 15-16-б.].

Қазақ мифтанушысы С.Қондыбай Тибеттегі *кян*, Сарыөзен бастауы Нголог аймағындағы *нголог*, *банг-нголог*, *бома* [7, 67-б.] секілді тайпалар атауындағы «**нг**» дыбысына қатысты мынадай болжам айтады: Ол О.Сүлейменовтың «Таңба тілі («Язык письма») еңбегінде жаңа идея – таңба арқылы сөз жасау ғылымдағы үлкен жаңалық болғанын айта келе, былай деп жазады: («Ортасында нүктесі бар шеңбер – ең бірінші таңба»). Сондай таңбаның бірі – өте қарапайым, бірақ күрделі геометриялық пішін, яғни абақ таңба. Ол шеңберден және оның ортасындағы нүктеден тұрады. Шеңбердің аты – «М», нүкте аты – «Нг»... «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» дей отырып, автор жақсы, түгел сөз атаулының түбірі біреу болса, сол түпкі сөз қандай деген өзінің ой-толғанымында «бірінші – мақұлықтық сөз – «м», ал екінші – адами сөз – «нг», яғни адам баласының ең алғаш рет шығара бастаған дыбыстарының бірі – «нг» («nh» немесе «ң») дейді. Оған қазақ тілінде бүгінге дейін қолданылып отырған сөздерін мысалға келтіреді. Мәселен ыңылдау, ыңқылдау, ыңырсу, ыңырану, еңкілдеу, еңіреу, аңырау, аңқылдау, т.б. әлдебір дыбыс шығаруды білдіреді және олардың барлығы да «ң» (нг >анг>ынг>енг) праформасы негізінде жасалған. Мөңіреу, маңырау, мыңқылдау, мінгірлеу, маңқылдау, күңкілдей, кеңкілдеу, саңқылдау, сұңқылдау, қаңқылдау, шаңқылдау. Тоңқ, дүңк, таңқ, паңқ, діңк, шіңк, ныңқ, шыңқ – бұларда да «нг» праформасы негізгі рөл атқарып тұр. Яғни автордың түсіндіруінше, түркілердің пайда болған жері мен уақытының арасын толықтыру үшін көрінбейтін, бірақ сөзді бір-бірімен сабақтастыратын буындарды іздестіру қажеттілігі туады. Оны Орта Азия, Қазақстан, Оңтүстік Сібір, яғни Алтай мен Саянның тас ғасыры, қола дәуірі, ғылыми әдебиетте Афанасьев, Андронов, Карасук (Қарасу), Таштық мәдениеттері делінетін түркілерге дейінгі түрк мәдениеттерінен іздеу керек деп ойын тұжырымдайды [8, 30-, 32-, 33-, 34-, 36-б.].

1970-жылдардың соңына таман қазақстандық шығыстанушы В.П.Юдин де *ностра* тіл ілімінің маңызын түсініп, Боливия, Перу және Эквадор үндістерінің тілдерін зерттей бастаған. Бұл ғалым испан-кечуа, кечуа-испан, ағылшын-кечуа, кечуа-ағылшын сөздіктерін пайдалана отырып, испан-кечуа

басылымдарымен жұмыс істеген. Нәтижесінде мың сөзден тұратын кечуа-орыс сөздігін жасап шыққан [9, 13-б.]. Американың ежелгі тұрғындарының Азиядан шыққандығын лингвистика тұрғысында дәлелдеп, іргелі зерттеулер жазып жүрген белгілі ғалым Ә.Ахметов та түрк және кечуа тілдерінің ұқсастығын 1-ден 6-ға дейінгі сандармен көрсетеді: 1 – Phiwi (кечуа) – Bir (ежелгі түрк) – пер (чуваш); 2 – Iskau (кечуа) – Aki, iki (ежелгі түрк) – ике, ик (чуваш); 3 – Kimsa (кечуа) – Ис (ежелгі түрк) – вис (чуваш); 4 – Tawa (кечуа) – Tort (ежелгі түрк) – Тават (чуваш); 5 – Pisga (кечуа) – Bas, bis (ежелгі түрк) – Пилек (чуваш); 6 – Sugta (кечуа) – Alti (ежелгі түрк) – Улта, улт (чуваш). Ә.Ахметов бұндай ұқсастықтың кечуа тілімен шектелмейтінін, оның тағы юта-ацтек тобының *тарахумара* тілінде де кездесетінін, мысалы 1 және 2 сандарының аталуы түрк тілдеріне сәйкес келетінін атап өтеді. *Bire, bile* және *oka, okwa* барлық түрк тілдеріндегі *bir, eki* санын білдірсе, ал майя тіліндегі *osh* (3) түрк тілдерінің де үш (3) санына сәйкес келетінін айтуға болады [10, 72-б.].

Ацтекке (нахуа) жақын майя мен түрк тілдері арасында ұқсастық әрі оны дәлелдейтін лингвистикалық материалдар қазіргі күні жеткілікті. 1562 жылғы миссионер Диэго де Ланданың қолжазбасы негізінде татар лингвисті М.Әрібжанов жасаған болжам бойынша майя мен түрк тілдері генетикалық жағынан бір-біріне жақын. Юкотан майялары қолданатын *Tash uce, Тулум, Ялкау, Туле, Яшин, Бакалар*, т.б. сөздер, мысалы, қазақтың *Tas iwi, Тұлым, Жалқау, Толы, Бақалар* сөздеріне сәйкес келеді. Майя мен түрк тілдерінің ұқсастығы туралы болжамды А.Г.Каримуллин де айтады. *Майя, кечуа, сиу* тілдерінде кездесетін Күн, Йаш, Үш, Ич, Мол, т.б. сөздер түрк тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде де бар екені айтпаса да түсінікті. Швеция ғалымы Сигу Викандер де майя мен түрк тілдерінің генетикалық жақындығына ден қояды. Қорыта айтқанда, Американың жергілікті тұрғындары – эскимос пен алеут, сонымен қатар юта-ацтек тобына кіретін папаго, хоупи, тарахумара, ацтек (нахуа) тайпаларында кездесетін ұқсас сөздердің географиясы өте ауқымды. Азия этностары мен Американың жергілікті тұрғындарының тарихи байланыстары лингвистикалық материалдар, сонымен қатар археологиялық, этнографиялық, антропологиялық, генетикалық және сол бағытта ұйымдастырылған ғылыми экспедициялардың материалдары арқылы да ғылымда әбден дәлелденген. Аляска – Солтүстік Американың Азия құрлығы мен Беринг бұғазына жалғасатын бөлігі. Д.Х.Вебстер мен В.Зибелл, сонымен бірге С.Я.Якобсон құрастырған Аляска эскимостары сөздігінде дыбысы жағынан да, мағынасы жағынан да түрк тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне де жақын – **ata**-ата, әке; **atiga**-аттасым; **ataataga**-атам; **akkaga**-ағам; **aana**-ана; **aanaga**-әжем; **aullaktuk**-аулақтау; **kayak**-қайық; **annun**-аң; **kirgavik**-қырғи; **tattirgak**-тырна; **anmaaak, akmak**-шақпақ тас; **manna**-мына; **erte**-ерте; **emuk**-ему, т.б. сөздер соның айғағы [10, 68-, 73-, 74-, 75-, 78-, 79-б.].

Бұндай материалдардың қатарын эскимос пен алеут халықтары тілдерінен ғана емес, сонымен қатар Америка «үндістерінің» юта-ацтек тіл тобына кіретін ежелгі этнос папаго (қазір АҚШ-тың Аризона штатын

мекендейді) тілінде **tokin** (тоқу) сөзі мақта және мақта өнімдері деген мағынаны береді. Ал **doag, thoag** (тау), **tonk** (тау жүйесі) дегенді білдіреді. Аризона штатындағы Туссон қаласынан солтүстікке қарай орналасқан тау **Baba Toak**, яғни Бақатау деп аталады. Бұл Түрікменстандағы Небит-даг, Қырымдағы Қара-даг, Аюдаг немесе Қазақстандағы Алатау мен Қаратауды еске түсіреді. Аризонада ежелгі америкалықтар қалдырған **toak** (тау) сөзімен аталатын ондаған атауларды кездестіруге болады, мысалы, **Shuk Toak** (Қаратау), **Kiha Toak** (Бурылтау), т.б. Юта-ацтек тіл тобына жоғарыда аталып кеткен папаго тілінен басқа тағы жиырмаға жуық тіл мен диалектілер, оның ішінде Аризонадағы пима, хоупи, Мексикадағы ацтек, тарахумара, яки, майя және кора тілдері кіреді. Хоупи тайпасы туралы арнайы еңбек жазған Фрэнк Ватерз оларды Азиядан Беринг бұғазы арқылы Америкаға өтіп, қазіргі АҚШ-тың Аризонасына қоныс тепкен деп есептейді. Сонымен қатар Ф.Ватерз ежелгі жылнамалар мен тарихи мәліметтерді өңдеу арқылы «Атлант мұхитымен келген викингтер мен Х.Колумбқа дейін-ақ Азиядан Америкаға өту кезеңдері болған. Бұл тақырыпқа арналған ең ежелгі классикалық еңбекке «Shan Hai King» (шамамен б.з.б. 2250 жыл) жатады. «Демек, Америка Азияға Х.Колумб ашқанға дейін 3742 жыл бұрын белгілі болған», – деп жазады Ә.Ахметов [10, 68-70-б.].

Бұл кезең прототүрк немесе түркілерге дейінгі түрк тілді динлин мемлекетінің өмір сүрген уақыты. Д.К.Еремеев «К семантике тюркской этнонимии» мақаласында динлинге «ағаш ерлері/еркектері» немесе орман халқы деген мағына береді. Автохтонды халық динлиндерді өз отаны Сарыөзеннен (Хуанкэ өзені) қытайлар ығыстырған еді. Ешкімге бағынышты болғысы келмеген, яғни жеке бас тәуелсіздігін жоғары қойған динлиндер отандарын тастап, қытай мемлекеттік жүйесі жетпейтіндей тараптарға шашырап кеткен-ді. Уақыт ағымымен олардың бір тармағы Брамапутр, Иравадди, Салуэнге, екінші бағыты Байкал, Алтай және Сібірге жеткен. Б.з.б. V ғасырдың соңында динлиндердің қазіргі Чжили, Шаньси провинцияларынан ығыстырылуы аяқталған. Қытай деректері бойынша олардың солтүстікке – Манчжоу, Байкал көлі, Алтай-Саян таулы аудандарына жаппай қоныс аударуы да осы кезеңге келеді. Біздің заманымызға дейін-ақ хұндар сол аумақтардағы динлин иеліктерін өздеріне бағындырған. Олардың Алтай-Саян таулы қыратына соңғы қоныс аударуы б.з. IV ғасырына келеді [11, 15-17-б.]. Динлин тайпалары **Kollmann**-ның айтуынша, негізінен, азиялықтар болған; оған Шығыс Сібір қорғандарынан табылған бас сүйектер дәлел. Оны белгілі антрополог ғалым О.Смағұлұлының төмендегі тұжырымы да нықтай түседі: «Ең алғашқы палеоантропологиялық материалдарға қарағанда көне Алтай өңірінің тұрғындары жалпы көне еуропеоид болса да, бас формасы жағынан олар бірыңғай болмаған [12]. Сонымен қатар Өр Алтайдың солтүстік жағынан табылған қаңқа сүйек пен бас сүйек морфологиясының сипаттамаларына назар аударсақ, онда осы өңірдің тұрғындары арасындағы көне еуропеоид пен моңғолоид тектестердің өзара аралас морфологиялық элементтерден бос емес екендігі антропологиялық әдебиеттерде ескерілген [13]. Жалпы неолит

кезеңіндегі Алтай өңірін мекен еткен тұрғындардың бас сүйек формаларына карағанда, бір жағынан, олар сопақ бастылар (долихокrania) болса, екінші жағынан, жалпақ басты (брахиокrania) да болып келеді. Бұл өлкеде энеолит дәуірінде сопақ басты еуропоидтер болғанына Шығыс Қазақстанның Новониколаевка деген жерінен табылған ер адамның бас сүйегі де куә» [14, 25-б.]. Сонымен бірге Американы алғаш қоныстанушылардың да антропологиялық тұрпатында сонау алыс дәуірлердің өзінде-ақ еуропоид текті жұрттарға тән Х -мт-ДНК нышандардың ұшырасуының өзі түрк халықтары әуелден моңғолоид текті еді дейтін тұжырымның да қате екенін көрсетеді [2, 28-30-б.].

Қытай тарихының мәліметтерінше, Оңтүстік Сібір қорғандары таралған аймақтарға бір кездері динлиндер мен оларға туыстас тайпалар мекендеген Енисей мен Ертіс аралығы, Урянхай аумағы мен Моңғолияның Қобда бөлігі, Хангай, орта және төменгі Селенгі алабы, Керулен кіреді. Қорғандармен қатар балбал тастардың да таралуы кең-байтақ аймақты қамтыды. Олар Батыс Сібір, Алтай-Саян таулы қыраты, Хангай, Орталық және Шығыс Тянь-шань, Ресейдің далалық бөлігі, Карпат, Кавказ, Еділ даласы, яғни бір кездері динлиндер мен түрк халықтары қоныстанған аймақтарда кездеседі [11, 24-, 25-, 26-, 27-, 33-, 34-, 49-, 50-, 54-, 55-, 56-б.]. Л.Гумилевтің сөзіне карағанда, түрктер қысқа уақыт ішінде әлемдік мәні бар мемлекет құрып, Батыс пен Шығыс арасын қосқан. Түрк мемлекетінің пайда болуы «белгілі бір дәрежеде адамзат тарихының бетбұрыс кезеңі болды, өйткені сол уақытқа дейін Жерорта теңізі мәдениеті мен Қиыр Шығыс мәдениеттері бір-бірімен араласпаған еді», – деп жазады автор [15, 12-б.].

Сондықтан түрктенген динлин тайпасының бірі болған Адайдың (қазіргі Кіші жүз 12 ата Байұлының бірі) бір ізінің АҚШ-тың Луизиана штатынан (*adai*) шығуы, ал хұн/ғұн, кейін түрк қағанаттары кезеңінде адайлардың Еділ өзені аймағынан (Түркия ғалымы А.-З.Валиди айтатын *А-де* өзені немесе қазіргі Еділ өзенінің атауының да А-де тайпасымен байланысы [16, 23-24-б]) кездесуі әрі Луизиана штатының солтүстік-шығыс бөлігіндегі Поверти Поинт немесе Батыс Қазақстан облысындағы «Қырық оба» қорғандар шоғыры [20, 46-, 52-, 53-, 54-б.], сонымен қатар С.Қондыбайдың: «Даха этносы жылан культін ұстанды, сондықтан б.з.б. 2-мыңжылдықтағы, тіпті одан бұрынғы (б.з.б. 4-3-мыңжылдықтардағы) «Жылан-баба» тұтас этносынан енші алып шыққандар «дахалар»> «дасалар»> «дайлар» немесе протодайлар болды», – деп жазғаны да [8, 370-б.] ғылым үшін көңіл аударарлық жайт деп ойлаймыз. Қиыр Шығыс пен Қиыр Солтүстікте, Алтайда, Тобылда, Енисей бойында якут, самоед, остяк, вогулдармен [17, 273-б.] қатар өмір сүрген Адай мен Таз аттары сол жерлердің жер-су атауларында, халқында қазірге дейін сақталған. Мысалы, Батыс Сібірдегі Таз өзені, Алтай аймағындағы Бай-кан (Бай өзені), Адай кем (Ануй өзенінің төменгі құйылысы), Ресей Федерациясында 02.09.2002 жылы ресми түрде тіркелген ұлттар мен тілдер тізіміндегі «адай» атауы немесе Кавказдағы Эльбрус пен Казбектің арасында, Цей мұздығының оңтүстік жағында орналасқан Адай тауы, осетин тілінен аударғанда «Тау-Ата» деген мағынаны

білдіретін Адай-Хох шыңы, т.б. [18]. Яғни шежірелерде айтылатын «Аққу менен қаз егіз, Адай менен Таз егіз» немесе «Қосай мен Таздың (Тәзікенің) ‘шежірелік әкесі’ – Алау» деп келетін сөздердің түп-төркіні сонау ежелгі динлин заманына баратыны күмәнсыз. Немесе О.Смағұлұлының сөзімен айтқанда, «сондықтан да болар, көптеген ғалымдар бүгінгі қазақ халқының мәдени салт-дәстүрінде, этностық құрамында, тіл жүйесінде, антропологиялық бейнесінде Кіндік Азияны мекен еткен көне заман тайпаларының реликті қасиеттері ең көп сақталып қалған этномәдени қауымның бір үлгісі деп қарайды» [14, 23-24-б.].

Ф.Ватерз келтіретін тағы бір мәлімет ол 666-1175 жылдары қазіргі Мехико қаласының орнына қоныс тепкен нахуатлак тайпасының өздерінің жаңа жеріне Анахуак (Моңғолияның Байкал көлі мен Тула өзеніне жақын маң) деген атау беруі. Табиғи су қоймасы маңына жаңадан қоныс тепкен бұл нахуатлак тайпасы өздерінің Ацтлан деген жерден келгенін әрі олардың халқының жеті тайпаға бөлінетінін айтқан. Тарихи отандары – Ацтлан жерімен байланыстырған әрі нахуа тілінде сөйлеген олар өздерін ацтектер деп таныған. Eliseo B.Aragon және Rosario Maria Gutierrez құрастырған нахуа тіліндегі сөздіктен Ә.Ахметов барлық түрк тілдерінде кездесетін **тепе** (төбе) сөзін жүзден астам ежелгі ацтек топонимінен тапқан. Ацтек этнонимінің этимологиясын қарасақ, онда ацтек «а(к)цилан» сөзінен шыққан. Яғни ацтек тілінде «ак» – ақ, «цилан» – жылан деген мағынаны береді [10, 69-, 70-, 71-б.]. Қосымша ой тастар деген үмітпен қазіргі Кавказ тарихы зерттеушілерінің кейбір пікіріне тоқталсақ, онда черкес (адыгэ) халқының шығу тегіне қатысқан сих (зих) этнонимі бойынша ас-алан «аслан» арыстан мағынасын береді немесе бұдан біз этниконның зоонимге айналуын көреміз [19].

Қорыта айтқанда, Американың әртүрлі географиялық аймақтарын мекендейтін «үндістердің» хромосомдарындағы ДНК молекулалары олардың шамамен бұдан 15 мың жылдан 30 мың жылға дейінгі заманда өмір сүрген бір ортақ тектен тарағанын байқатады. К.Тернер Азиядан Америкаға қоныс аударғандардың алдыңғы толқыны Мұз дәуірінің соңында келіп қоныстанса, олардың соңын ала тағы бір дүркін екі топ келіп қоныстанғанын айтады. Дж.Гринберг тілдік айғақтардың негізінде о бастағы үлкен «америнд» тілінде сөйлеген алғашқы америкалықтар Азиядан шамамен 12 мың жыл бұрын келген деп пайымдайды. Кейін олар Солтүстік Америкаға толықтай дерлік, одан Орталық және Оңтүстік Америкаға тараған. Бұл автордың пікірінше, Американың барлық аймағында қазіргі кезде қолданылып жүрген әртүрлі «үндіс» тілдері түгелдей о бастағы ортақ жалғыз тілден түлеген [20, 32-, 33-, 34-, 35-, 36-б.]. Бұл жерде Ж.Әкімнің «Америкадағы ацтек, майя және инк өркениеттері тілдерінде сөйлеген халықтар мен түрк тілдерінің шығу тегі бір, яғни ‘үндіс’ тайпалары түрк халықтарына жатады, ал ол өркениеттер түрк өркениетінің құрамдас бөлігі болып саналады. Оны бұл халықтардың ежелгі құдайлары мен діни сенімдеріндегі, аңыз-ертегілеріндегі, ежелгі астрономиялық білімдері мен күнтізбелеріндегі ұқсастықтарды дәлелдеп, археологиялық деректермен толықтыру қажет» деген пікірін де айта кету орынды [21, 58-б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Бартольд В.В. Работы по истории востоковедения // Академик В.В.Бартольд. Сочинения. Т.9. – М., 1977. – 968 с.
- 2 Бейсенбайұлы Ж. Арғы түркілер ақиқатының ізімен. – Алматы: Қайнар, 2006. – 336 б.
- 3 Сулейменов О. Тюрки в доистории. О происхождении древнетюркских языков и письменностей. – Алматы: Атамұра, 2002. – 320 с.
- 4 Клоусон Дж. Лексико-статистическая оценка алтайской теории // Вопросы языкознания. 1969. №31.
- 5 Иллич-Свитыч В.М. Опыт сравнения нострических языков. Т.1. – М., 1971; 1984.
- 6 Груссе Р. Империя степей. История Центральной Азии (с древности до тринадцатого века). Перевод с английского К.Салгариной. – Алматы: Санат, 2003.
- 7 Гумилев Л.И. Струна истории. Лекции по этнологии. – М.: Айрис-пресс, 2011.
- 8 Қондыбай С. Гиперборей: түс көрген заман шежіресі. Толық шығармалар жинағы. Т. 6. – Алматы: Арыс, 2008. – 696 б.
- 9 Юдин В.П. Центральная Азия в XIV – XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 384 с.
- 10 Ахметов А. Азия – Берингия – Америка или азиатское происхождение американских «индейцев». – Алматы: ARNA-B, 2006. – 110 с.
- 11 Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. – М., 1926. – Т.2.
- 12 Алексеев В.П. Палеоантропология Алтай-Саянского нагорья эпохи неолита и бронзы // Антропологический сборник III. Труды Института этнографии АН СССР. 1961; Дремов В.А. Антропология Верхнего Приобья в эпоху неолита и бронзы. Автореферат канд. дисс. – М., 1981.
- 13 Дебец Г.Ф. Палеоантропология СССР. – М.-Л., 1948; Алексеев В.П. Палеоантропология Алтай-Саянского нагорья...; Алексеев В.П. География человеческих рас. – М., 1974.
- 14 Смағұлұлы О., Бекетайқызы К., Оразаққызы А. Алтай қазақтары: тарихи-антропологиялық зерттеу. – Астана: Фолиант, 2003. – 352 б.
- 15 Гумилев Л.Н. Гумилев Л.Н. Хұндар. – Алматы: Қазақстан, 1998.
- 16 Валиди Тоган А.-З. История башкир. – Уфа, 2010. – 352 б.
- 17 Живая старина. Отделения этнографии Императорского русского географического общества под ред В.И.Ламанского. – Спб., 1896. Вып. II. Год шестой.
- 18 Агеев Р.А. Какого мы роду-племени? – М., 2000. – 287-б.; Қайдар Ә. Қаңлы (тарихи шежіре). – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 16 – 17-б.; Атлас мира. – М.: БЕЛЛСИ, 2003. – 16-, 19-б.; Ақас Тәжуіт. Адайлар: бұл атау қайдан шыққан? // Адай-Ата. 1-кітап. – Алматы: Жазушы, 2005– 146-б.
- 19 <http://intercircass.org>

- 20 Ахметов Ә. Түбі түркі өркениет. – Алматы: Арыс, 2009. – 344 б.
- 21 Жанұзақ Әкім. Қазақ идеясы. – Алматы: Өлке, 2006.